

Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетені

1 тоқсан 2024 жыл



«Казгидромет» РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалы

	МАЗМУНЫ	Б.
1	Алғысөз	3
2	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
3	Коршаган ортаның ауа сапасы	4
4	Жер үсті суларының сапасы	11
5	Радиациялық жағдай	12
6	Жауын-шашынның химиялық құрамы	13
7	1 қосымша	13
8	2 қосымша	17
9	3 қосымша	19
10	4 қосымша	20

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетені «Қазгидромет» РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалы жүргізген жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетені мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Ақтөбе облысының аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабардар етуге арналған және Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау, ластану деңгейінің үздіксіз өзгеру тенденциясын ескеру үшін қажет.

Атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Аймақтағы ауаның ластану деңгейін негізінен ірі кәсіпорындар анықтайды: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазақойлАктөбе» ЖШС, «Ақтөбе ферроқорытпа зауыты» және ДКБК АҚ «ТҮК Казхром» филиалдары, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Ақтөбе ӨЭМ» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ. Стационарлық көздерден шығарындылардың жалпы көлемінің ішінде ілеспе газды жағу шығарындыларының үлесі 11,67 мың тоннаны құрайды. Алау қондырғыларынан шығатын барлық шығарындылардың 97% -ы 3 мұнай мен газ өндіретін және қайта өндейтін кәсіпорындардың үлесіне тиесілі: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазақойлАктөбе» ЖШС және «Аман Мұнай» ЖШС.

Сонымен қатар, жылжымалы көздерден шығатын газдар Ақтөбе облысындағы ауаны ластайтын негізгі заттардың бірі болып табылады.

2. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Ақтөбе қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-қүйін бақылау 6 бақылау бекетінде, оның ішінде 3 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 3 Автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 10 көрсеткішке дейін анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шан); 2) PM-2,5 қалқыма бөлшектер; 3) PM-10 қалқыма бөлшектер; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) күкіртті сутек; 9) формальдегид; 10) хром.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қолмен іріктеу	Авиакалашық 14, әуежай ауданы	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, азот диоксиді, формальдегид, хром, күкіртті сутек
2		Белинский к-сі 5, Жилгородка ауданы	
3		Ломоносов к-сі 7, ТЖ вокзалының ауданы	
4	үздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Рысқұлов к-сі, 4, Шанхай ауданы	көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсүтек
5		Есет батыр к-сі, 109	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсүтек
6		Жанқожа батыр к-сі, 89, Құрмыш ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді,

Ақтөбе қаласында стационарлық бақылау бекеттерінен басқа жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу

облыстың 3 нүктесі бойынша 7 көрсеткішке қосымша жүргізіледі: 1) қалқыма бөлшектері (шан); 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) күкірт су текі; 7) формальдегид.

2024 жылғы 1 тоқсандағы Ақтөбе қ. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы ластанудың "көтеріңкі" деңгейі ретінде бағаланды, ол СИ=4,1 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) мәні бойынша, №3 бекетте күкіртсүтек бойынша анықталды.

Атмосфералық ауаның ластануына күкіртсүтек (бір айдағы асып кетулер саны: 170), азот диоксиді (бір айдағы асып кетулер саны: 137), көміртек оксиді (бір айдағы асып кетулер саны: 4) негізгі үлес қосады.

Күкіртсүтектің ең жоғары бір реттік шоғыры – 4,1 ШЖШ_{м.р.}, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ_{м.р.}, көміртек оксиді – 2,1 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік орташа шоғыры – 1,3 ШЖШ_{о.т.}.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕК %	Шектен жоғары шоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	МГ/М ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	МГ/М ³	ШЖШ _{м.р.} асу еселігі		>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
г. Ақтөбе								
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,0096	0,0640	0,1000	0,2000	0,00	0	0	0
Қалқыма бөлшектер РМ-2,5	0,0015	0,0416	0,0015	0,0094	0,00	0	0	0
Қалқыма бөлшектер РМ-10	0,0016	0,0262	0,0017	0,0057	0,00	0	0	0
Күкірт диоксиді	0,0026	0,0524	0,0183	0,0366	0,00	0	0	0
Көміртек оксиді	0,4632	0,1544	10,5731	2,1146	0,02	4	0	0
Азот диоксиді	0,0507	1,2685	0,3814	1,9070	0,69	137	0	0
Азот оксиді	0,0283	0,4713	0,3496	0,8740	0,00	0	0	0
Күкіртсүтек	0,0008		0,0331	4,1375	1,25	170	0	0
Формальдегид	0,0031	0,3147	0,0060	0,1200	0,00	0	0	0
Хром	0,0003	0,2290	0,0007		0,00	0	0	0

Хромтау қаласының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Хромтау қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 бекетте жүргізіледі.

Қала бойынша 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкіртті сутек.

3-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	ұздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Горький көшесі, 9	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек.

2024 жылғы 1 қаңтардағы Хромтау қ. атмосфералық ауа сапасын мониторинглеу нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы ластанудың "көтеріңкі" деңгейі ретінде бағаланды, ол СИ=2,3 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖК=16% (көтеріңкі деңгей) мәні күкіртсүтек бойынша анықталды.

Атмосфералық ауа сапасы ластануына күкіртсүтек (бір айдағы асып кетулер саны: 949), азот диоксиді (бір айдағы асып кетулер саны: 58) негізгі үлес қосады.

Күкіртсүтектің ең жоғары бір реттік шоғыры – 2,3 ШЖШ_{м.р.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік орташа шоғыры – 3,7 ШЖШ_{о.т.}.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕК	Шектен жоғары шоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	МГ/М ³	ШЖШ _{о.т.} . асу еселігі	МГ/М ³	ШЖШ _{м.} . асу еселігі		%	>ШЖ III	>5 ШЖ Ш
Хромтау қ.								
Күкірт диоксиді	0,0045	0,0900	0,4066	0,8132	0	0	0	0
Көміртек оксиді	0,4003	0,1334	4,5178	0,9036	0	0	0	0
Азот диоксиді	0,1488	3,7200	0,2578	1,2890	0,9	58	0	0
Күкіртсүтек	0,0053		0,0186	2,3250	14,7	949	0	0

Қандыағаш қаласының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Қандыағаш қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 бекетте жүргізіледі.

Қала бойынша 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) құкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) құкіртті сутек.

5-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үздіксіз режимде-эрбір 20 минут сайын	Ж. Жабаев көшесі 64 А	құкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, құкіртті сутек.

2024 жылғы 1 тоқсандағы Қандыағаш қ. атмосфералық ауа сапасын мониторинглеу нәтижелері.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтерінкі** деп бағаланды, ол құкіртсүтек бойынша $СИ=1,9$ (**төмен** деңгей) және ЕЖК=1% (**көтерінкі** деңгей) мәнімен анықталды.

* БК 52.04.667-2005 сәйкес егер $СИ$ және ЕЖК әр түрлі градацияларға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Құкіртсүтектің ең жоғары бір реттік шоғыры – 1,2 ШЖШ_{м.р.}, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары: (10 ШЖК астам) тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте

Атмосферлық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕК	Шектен жоғары шоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	МГ/М ³	ШЖШ _{о.т} . асу еселігі	МГ/М ³	ШЖШ _{м.} асу еселігі		%	>ШЖШ	>5 ШЖШ
Қандыағаш қ.								
Құкірт диоксиді	0,0401	0,8027	0,9611	1,9222	0,06	4	0	0
Көміртек оксиді	0,2506	0,0835	3,4637	0,6927	0	0	0	0
Азот диоксиді	0,0309	0,7733	0,1968	0,9840	0	0	0	0
Құкіртсүтек	0,0023		0,0092	1,1500	0,25	16	0	0

Шұбаршы ауылдының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Шұбаршы ауылы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 бекетте жүргізіледі.

Ауыл бойынша 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкіртті сутек.

7-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

7-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	Үздіксіз режимде-эрбір 20 минут сайын	Геолог көшесі 25Д	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек.

2024 жылғы 1 тоқсандағы Шұбаршы а. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол күкірт диоксиді бойынша СИ=6,0 (**жоғары** деңгей) және ЕЖҚ=2% (**көтеріңкі** деңгей) мәнімен анықталды.

* БК 52.04.667-2005 сәйкес егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияларға түсken жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Күкіртсүтектің ең жоғары бір реттік шоғыры – 2,0 ШЖШ_{м.р.}, күкірт диоксиді – 6,0 ШЖШ_{м.р.}, азот диоксиді – 2,3 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік орташа шоғыры – 2,7 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 1,4 ШЖШ_{о.т..}.

Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары: (10 ШЖК астам) тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 8-кестеде көрсетілген.

8-кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕК	Шектен жоғары шоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	МГ/М ³	ШЖШ _{о.т.} . асу еселігі	МГ/М ³	ШЖШ _{м.р.} . асу еселігі		%	>ШЖШ	>5 III
Шұбаршы а.								
Күкірт диоксиді	0,0681	1,3613	3,0024	6,0048	0,78	50	1	0
Көміртек оксиді	0,0255	0,0085	2,9562	0,5912	0	0	0	0
Азот диоксиді	0,1068	2,6708	0,4650	2,3250	0,42	27	0	0
Күкіртсүтек	0,0016		0,0158	1,9750	0,47	30	0	0

Кенқияқ ауылының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Кенқияқ ауылы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 бекетте жүргізіледі.

Ауыл бойынша 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкіртті сутек.

9-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

9-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	ұздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Алтынсарин көшесі 11 Б	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек.

2024 жылғы 1 тоқсандағы Кенқияқ а. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол азот диоксиді бойынша СИ=4,5 (**көтеріңкі** деңгей) және ЕЖҚ=41% (**жоғары** деңгей) мәнімен анықталды.

* БК 52.04.667-2005 сәйкес егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияларга түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік шоғыры – 1,4 ШЖШ_{м.р.}, күкіртсүтек – 1,1 ШЖШ_{м.р.}, көміртек оксиді – 4,5 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік орташа шоғыры – 4,5 ШЖШ_{о.т.}. Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары: (10 ШЖҚ астам) тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 10-кестеде көрсетілген.

10-кесте

Атмосферлық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕК	Шектен жоғары шоғыр саны ПДҚ _{м.р.}		
	МГ/М ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	МГ/М ³	ШЖШ _{м.} асу еселігі		%	>ШЖ III	>5 ШЖ III
Кенқияқ а.								
Күкірт диоксиді	0,0085	0,1693	0,4256	0,8512	0	0	0	0
Көміртек оксиді	0,0361	0,0120	22,3164	4,4633	0,18	1	0	0
Азот диоксиді	0,1812	4,5300	0,2794	1,3970	21,65	1199	0	0
Күкіртсүтек	0,0032		0,0084	1,0500	1,05	6	0	0

Атмосфералық ауа сапасын экспедициялық өлшеу нәтижелері


Анықталатын қоспалар	Батыс-2	
	№1 нүктө	
	МГ/М ³	МГ/М ³
Қалқыма бөлшектер (PM-10)	0,0029	0,0097
Күкіртсүтек	0,0039	0,4875
Формальдегид	0,0049	0,0980
Азот оксиді	0,0049	0,0123
Күкірт диоксиді	0,0047	0,0094
Азот диоксиді	0,0053	0,0265
Көміртек оксиді	2,9444	0,5889

Анықталатын қоспалар	Кірпішті а.	
	№1 нүктө	
	МГ/М ³	МГ/М ³
Қалқыма бөлшектер (PM-10)	0,0037	0,0123
Күкіртсүтек	0,0039	0,4875
Формальдегид	0,0036	0,0720
Азот оксиді	0,0047	0,0118
Күкірт диоксиді	0,0053	0,0106
Азот диоксиді	0,0047	0,0235
Көміртек оксиді	1,9317	0,3863

Анықталатын қоспалар	Ясный-2 а.	
	№1 нүктө	
	МГ/М ³	МГ/М ³
Қалқыма бөлшектер (PM-10)	0,0021	0,0070
Күкіртсүтек	0,0033	0,4125
Формальдегид	0,0039	0,0780
Азот оксиді	0,0033	0,0083
Күкірт диоксиді	0,0034	0,0068
Азот диоксиді	0,0035	0,0175
Көміртек оксиді	2,0369	0,4074

Корытындылар:

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 1 тоқсанда ластану деңгейі 2020 және 2022 жылы жоғары, 2021 және 2023-2024 жж. көтерінкі деңгеймен бағаланды. Күкіртсүтек - ауаны ластаудың негізгі көзі.

Метеорологиялық жағдайлар

1 тоқсанның бірінші жартысында қаладағы ауа-райын циклондар және олармен байланысты атмосфералық фронттар анықтады. Жауын-шашын жиі байқалды (жаңбыр, қар), желдің төменгі ұйытқуы байқалды. 1 тоқсанның екінші жартысы антициклонның ықпалында болды, жауын-шашынсыз, жеосіз тынық ауа-райы байқалды. Желдің максималды жылдамдығы 15-20, ұйытқуы 29 м/с болды.

3. Ақтөбе облысының аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Ақтөбе облысы бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 5 су объектісінің: Елек, Қарғалы, Ембі, Темір, Ор өзендері 12 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 42 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, тұсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОВТ5, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар*.

Ақтөбе облысының аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірынғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірынғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

3 кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Параметрлері	өлш. бірл.	концентрация
	I- тоқсан 2023 ж.	I- тоқсан 2024 ж.			
Елек өзені	4 класс	нормаланбайды (>3 класс)	Фенолдар*	мг/дм ³	0,002
Қарғалы өзені	4 класс	нормаланбайды (>3 класс)	Фенолдар*	мг/дм ³	0,0013
Ембі өзені	4 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	30,833
			Фенолдар*		0,0018
Темір өзені	4 класс	нормаланбайды (>3 класс)	Фенолдар*	мг/дм ³	0,002
Ор өзені	4 класс	нормаланбайды (>3 класс)	Фенолдар*	мг/дм ³	0,0018

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Кестеден көріп отырғанымыздай 2023 жылдың I-тоқсанымен салыстырғанда Ембі өзенінің жер-үсті су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Елек, Қарғалы, Темір және Ор өзендерінің жер-үсті су сапасы 4 кластан нормаланбайды >3 классқа – жақсарған.

Ақтөбе облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттары магний және фенолдар.

2024 жылдың I-тоқсанында Ақтөбе облысының аумағында ЖЛ жағдайы тіркелмеді.

2 Қосымшада тұстамалар шегінде су объектілерінің сапасы бойынша ақпарат.

4. Радиациялық жағдай

Жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 7 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Новоалексеевка, Родниковка, Ойыл, Шалқар, Жағабұлак) жүзеге асырылды.

Ақтөбе облысында атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,04 – 0,22 мкЗв/сағ (норматив - 5 мкЗв/сағ дейін) шегінде болды. Облыста орташа радиациялық гамм-фон 0,12 мкЗв/сағ.

Ақтөбе облысында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау Ақтөбе, Қарауылкелді, Шалқар метеостанцияларында көлденең планшеттермен ауа сынамаларын бес тәуліктік іріктеу арқылы жүргізілді.

Ақтөбе облысы атмосферасының жер бетіндегі қабатында радиоактивті тұсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 1,4-3,1 Бк/м² шегінде ауытқыды. Тұсудің орташа тығыздығы 1,9 Бк/м² құрады, бұл шекті рұқсат етілген деңгейден аспайды.

5. Ақтөбе облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау 6 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Аяққұм, Жағабұлақ, Мұгоджарская, Новороссийское, Шалқар) жаңбыр суының сынамасын алудан тұрды.


Жауын-шашындағы анықталған ластаушы заттардың концентрациясы шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) аспайды.

Тұнба үлгілерінде сульфаттар 23,41%, гидрокарбонаттар 34,31%, хлоридтер 9,89%, кальций иондары 13,29%, натрий иондары 6,3%, магний иондары 3,03% және калий иондары 4,14% басым болды.


Ең жоғары жалпы минералдану Аяққұм МС – 62,67 мг/л, ең азы – Жағабұлақ МС – 16,91 мг/л тіркелді.

Атмосфералық жауын-шашынның меншікті электр өткізгіштігі 29,08 мкС/см (МС Жағабұлақ) пен 108,07 мкС/см (МС Аяққұм) аралығында болды.

Жауын-шашынның қышқылдығы 5,53 (МС Жағабұлақ) пен 7,04 (МС Аяққұм) аралығында.



Ақтөбе қ. бақылау бекеттері мен метеостанцияның орналасу орындарының картасы




Кірпіштідегі іріктеу нүктесінің орналасу картасы




Ясныйдағы іріктеу нүктесінің орналасу картасы




Батыс-2-дегі ірктеу пункттесінің орналасу картасы




Хромтау қ. бақылау бекетінің орналасу картасы



Кандыагаш қ. бақылау бекетінің орналасу картасы



Шүбаршы а. бақылау бекетінің орналасу картасы



Кенқияқ а. бақылау бекетінің орналасу картасы

2 Қосымша

Ақтөбе облысының жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Елек өзені		Су температурасы 1,8 – 2,7°C, сутегі көрсеткіші 8 – 8,05, судағы еріген оттегі 5,29 – 7,29 мг/дм ³ , ОБТ5 0,91 – 1,38 мг/дм ³ , мөлдірлігі 21 см, барлық тұстамада иісі 0 балл.
Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары	4 класс	Аммоний-ионы – 1,14 мг/дм ³ . Фенолдар* – 0,0014 мг/дм ³ . Аммоний-ионының және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады
Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,12 мг/дм ³ . Аммоний-ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылсызынан 11,2 км жоғары.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,13 мг/дм ³ . Фенолдар* – 0,002 мг/дм ³ . Аммоний-ионының және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,18 мг/дм ³ . Қалқыма заттар – 10,01 мг/дм ³ . Фенолдар* – 0,002 мг/дм ³ . Аммоний-ионының, қалқыма заттардың және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,25 мг/дм ³ . Фенолдар* – 0,0019 мг/дм ³ . Аммоний-ионының және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,14 мг/дм ³ . Фенолдар* – 0,0018 мг/дм ³ . Аммоний-ионының және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Қарғалы өзені		Су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 8,01, судағы еріген оттегі 7,65 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 1,15 мг/дм ³ , ісі – 0 балл.
тұстама Қарғалы ауылы, Ауылдың батыс бөлігінде Бұтақ өзенінің су келуінің он жақ беткейінен 1 км төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,26 мг/дм ³ . Фенолдар* – 0,0015 мг/дм ³ . Аммоний-ионның және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Ембі өзені		Су температурасы 2 – 2,4°C, сутегі көрсеткіші 7,89 – 8,10, судағы еріген оттегі 5,56 – 9,42 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 1,17 – 1,78 мг/дм ³ , ісі – 0 балл.
Жағабұлақ ауылы, Жағабұлақ ауылынан 1,0 км солтүстік-батыста.	4 класс	Магний – 33 мг/дм ³ . Фенолдар* – 0,0019 мг/дм ³ . Магнийдің және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Сага ауылы, Ауылдан 1,0 км оңтүстік-батыста.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,09 мг/дм ³ Фенолдар* – 0,0014 мг/дм ³ . Аммоний-ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Темір өзені		Су температурасы 2 – 2,3°C, сутегі көрсеткіші 8 - 8,02, судағы еріген оттегі 5,98 – 7,22 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,71 – 1,46 мг/дм ³ , барлық тұстамада ісі – 0 балл.
Покровское ауылы, Шелісай өзенінің су келуінің сол жақ беткейінен 400 м төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,1 мг/дм ³ . Аммоний-ионының нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Ленинское ауылы, ауылдан 9 км төмен, Құлден-Темір өзенінің су сағасының сол жақ беткейінен 2 км төмен.	>3 класс	Фенолдар* – 0,0018 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Ор өзені		Су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 8,03, судағы еріген оттегі 9,10 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 1,27 мг/дм ³ , мөлдірлігі 21 см, ісі 0 балл.
Бөгетсай ауылы, ауылдан 0,3 км төмен, Бөгетсай өзенінің құйылысынан 0,2 км төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,20 мг/дм ³ . Магний – 32 мг/дм ³ . Фенолдар* – 0,0016 мг/дм ³ . Аммоний-ионының және магнийдің нақты концентрациялары фондық кластан асады.

		Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
--	--	-------------------------------------------------------------

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

3 Қосымша

Актөбе облысының аумағындағы көлдердің жер үсті сулары сапасының нәтижелері

	Ингредиенттердің атауы	Өлшем бірлігі	Қазан 2023 ж
			Шалқар көлі
1	Көзбен шолу		
2	Температура	°C	11,1
3	Сутегі көрсеткіші		8,0
4	Еріген оттегі	мг/дм ³	8,39
5	Судың иісі	балл	0
6	ОБТ5	мг/дм ³	1,07
7	ОХТ	мг/дм ³	20,26
8	Қалқыма заттар	мг/дм ³	9,76
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм ³	304
10	Кермектік	мг/дм ³	4,98
11	Минерализация	мг/дм ³	705
12	Натрий + калий	мг/дм ³	113
13	Құрғақ қалдық	мг/дм ³	900
14	Кальций	мг/дм ³	68
15	Магний	мг/дм ³	19
16	Сульфаттар	мг/дм ³	130
17	Хлоридтер	мг/дм ³	71
18	Фосфаттар	мг/дм ³	0,011
19	Жалпы фосфор	мг/дм ³	0,024
20	Нитритті азот	мг/дм ³	0,014
21	Нитратты азот	мг/дм ³	0,005
22	Жалпы темір	мг/дм ³	0,009
23	Тұзды аммоний	мг/дм ³	1,28
24	Қорғасын	мг/дм ³	0,006
25	Мыс	мг/дм ³	0,001
26	Мырыш	мг/дм ³	0,001
27	АББЗ /СББЗ	мг/дм ³	0,01
28	Фенолдар	мг/дм ³	0,002
29	Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,01

4 Қосымша

Анықтамалық бөлім

Елді мекендердің ауасындағы ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы (ШЖШ)

Қоспалар	ШЖШ мәні, мг/м³		Қауіптілік классы
	максималды бір реттік	орта тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,5	0,15	3
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,3	0,06	
Қалқыма бөлшектер РМ 2,5	0,16	0,035	
Хлор сутегі	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Мышьяк	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қоғасын	0,001	0,0003	1
Құқырт диоксиді	0,5	0,05	3
Құқырт қышқылы	0,3	0,1	2
Құқыртсутек	0,008	-	2
Көміртек оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фтор сутегі	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 тамызда № 29011 болып тіркелді.

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градация	Атмосфералық ауаның ластануы	Көрсеткіштер	Бір айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕК, %	0-1 0
II	Көтерінкі	СИ ЕК, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕК, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕК, %	>10 >50

БҚ 52.04.667-2005 Мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыру үшін қалалардағы атмосфераның ластану жай-күйінің құжаттары. Әзірлеуге, сақтауға, мазмұндауға және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар

Су пайдалану санаттары (түрлері) бойынша су пайдалану сыныптары сарапау

Су пайдалану санаты (түрі)	Мақсаты / түрі тазалау	Суды пайдалану сыныптары				
		1 класс	2 класс	3 класс	4 класс	5 класс
Балық шаруашылығының суын пайдалану	Албыртбалық	+	+	-	-	-
	Тұқыбалық	+	+	-	-	-
Ауыз су пайдалану шаруашылығы	Қарапайым су дайындау	+	+	-	-	-
	Дағдылы су дайындау	+	+	+	-	-
	Қарқынды су дайындау	+	+	+	+	-
Рекреациялық су пайдалану (мәдени-тұрмыстық)		+	+	+	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-
	Карталарда тұндыру	+	+	+	+	+
Өнеркәсіп: технологиялық мақсаттар, процестер салқыннату		+	+	+	+	-
гидроэнергетика		+	+	+	+	+
пайдалы қазбаларды өндіру		+	+	+	+	+
транспорт		+	+	+	+	+

Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірынғай жүйесі (АШМ СРК 09.11.2016 ж. №151 Бұйрығы)

Радиациялық қауіпсіздік нормативі

Нормаланатын шамалар Тиімді доза	Доза шектері
	Халық
	Кез келген кезекті 5 жыл үшін жылына 1 мЗ орташа, бірақ жылына 5 мЗ артық емес

**Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық талаптар радиациялық қауіпсіздіктерінің көмтесінде етуге»*

Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген мөлшері

Заттардың атауы	Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг
Корғасын (жалпы нысан)	32,0

Мыс (жылжымалы нысан)	3,0
Мыс (жалпы нысан)	33
Хром (жылжымалы нысан)	6,0
Хром ⁺⁶	0,05
Марганец (жалпы нысан)	1500
Никель (жылжымалы нысан)	4,0
Мырыш (жылжымалы нысан)	23,0
Күшәла (жалпы нысан)	2,0

* ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 ж. 30.01. №99 және ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен 2004 ж. 27.01. №21-п біріккен бұйрық.

"ҚАЗГИДРОМЕТ" РМК АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

**АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
АВИАГОРОДОК 14В
ТЕЛ. 8 (7132)-22-85-72**

E MAIL:HIMLABACGM@MAIL.RU